

Арқалық қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 140 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29463 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арқалық қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы

Г. Елтебаева

Арқалық қалалық мәслихатының
2022 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 140 шешімге
қосымша

Арқалық қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	330,00
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айына	337,13
Жылдық тариф бірлігіне (көлеміне)	1 м3	2140,51